

ОБЗОРНАЯ СТАТЬЯ

MFТАР 68.05.45

DOI 10.51886/1999-740X_2021_4_72

Е.Ж. Балқыбек¹

КҮРІШ ТОПЫРАҒАНЫҢ МИКРОБИОЛОГИЯСЫ

¹Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми-зерттеу институты, 050060, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 75 в, Қазақстан, e-mail: yerko0331@mail.ru

Аннотация. Күріш - көптеген адамдар үшін негізгі тағам. Бірнеше миллиард адам күрішті көптеген жылдар бойы күнделікті негізгі тағам ретінде пайдаланады деп айтуға болады. Ежелден Азия елдері, Үндістан, Қытай және басқа да шығыс елдері күрішті тағам ретінде пайдаланған. 2018 және 2019 жылдары жер шарында күріш өндірісі 517 миллион тоннаға жеткен болатын және бұл дәнді дақылға жыл сайын сұраныстар артуда. Сол себепті күріш дақылын өсіруде, өнімділігі мен сапасын жоғарылатуға жаңа агротехнологияларды өндіріске енгізуге, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарын пайдалануға, нәтижелі ғылыми жұмыстар жүргізу өте маңызды болып табылады. Қазіргі кезде күріш өсірумен айналысатын мемлекеттерде топырақтардың физикалық, химиялық, физико-химиялық және биологиялық сипаттамаларын заманауи тұрғыдан пайдалана отырып, топырақ өнімділігін бағалаудың көптеген әдістері қолданылуда. Көп жағдайда күріш топырақтарының физикалық және химиялық қасиеттеріне басты назар аударылады. Ғылым мен практиканың нәтижелеріне жүгінсек басқа ауыл шаруашылығы дақылдарымен салыстырғанда күріштің биологиялық, физиологиялық ерекшеліктері, минералды қоректік заттарды сіңіруі, топырақтың аэрациясы жоқ жағдайда өсіп, күріш өнімін су басқан танаптарда жүзеге асыруы ерекше агротехнологияларды, тәсілдерді пайдалануды талап ететін ерекше дақыл. Күріштің өнім беру үдерісінде микроағзалардың рөлі өте ерекше екені әлемге әйгілі. Микроағзалардың түрлерінің, сандық мөлшері мен қасиеттері, дақылға әсер ететін ерекшеліктері топырақ-климаттық жағдайларға байланысты болатыны зерттеліп дәлелденген. Сондықтан бұл мақалада күріш алқаптарындағы топырақтың микрофлорасы туралы, сонымен қатар су астындағы күріш топырағының микроағзалары биомассасының ерекшеліктері мен түрлері туралы Иран, Жапония, Қытай, Үндістан және т.б. ғалымдарының күріш алқаптары топырақтарының микрофлорасы бағытында істелген зерттеулеріне шолу жасалған. 1967 жылы жапон ғалымы Т.Судзуки өзінің ғылыми зерттеулерінде күріш топырағының микрофлорасын анықтаған. Күріш топырағының жыртылған бірінші қабатында көп мөлшерде бактериялар мен анаэробты бактериялар және аздаған мөлшерде актиномицеттер мен саңырауқұлақтар топтарының кездесетінін дәлелдеген. Қазіргі кезде күріш өндіру саласында айналысатын Қытай, Иран, Үндістан, Ресей, Қазақстан мемлекеттерінің ғалымдары күріштің өнімін, сапаны жоғарылатуда қажырлы еңбек етуде.

Түйінді сөздер: Топырақ, батпақты топырақ, күріш алқабы, топырақ микрофлорасы, микроағза, цианобактерия, метан.

Дәнді дақылдар арасында күріш өте маңызды орын алады. 2018 және 2019 жылдары жер шарында күріш өндірісі 517 миллион тоннаға жеткен болатын және бұл дәнді дақылға жыл сайын сұраныстар артуда. Осы жағдайларға байланысты күріш өсіру саласымен айналысатын ғалымдар мен дихандардың алдына қазіргі талаптардың көлемін ұлғайтпай күріш өнімін

өндіруді молайтатын жаңа агротехнологиялар әзірлеп, шаруашылыққа енгізу қажет деген талаптар қойылуда [1].

Қазіргі кезде күріш өсірумен айналысатын мемлекеттерде топырақтардың физикалық, химиялық, физико-химиялық және биологиялық сипаттамаларын заманауи тұрғыдан пайдалана отырып, топырақ өнімділігін бағалаудың көптеген әдістері қолда-

нылуда [2, 3]. Көп жағдайда топырақтың топырақтың физикалық және химиялық қасиеттеріне басты назар аударылады [4]. Сонымен қатар топырақ құнарлылығының көрсеткіші ретінде топырақтарда кездесетін микроағзалар тобын алуға да болады. Топырақтың микробтық қауымдастықтарының құрылымдық және функционалдық өзара байланыстары болашақта топырақ өнімділігін бағалау көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастыруға болады [5]. Микроағзалар топырақтағы көміртегі, азот және фосфордың ең қажетті резервуарларының бірі. Олар сонымен қатар өсімдіктер сіңіре алатын қоректік заттардың сіңірушілері немесе көзі ретінде әрекет етеді және осылайша агроэкожүйелердің топырақ өнімділігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [6, 7]. Топырақтағы негізгі қоректік заттардың стехиометриясын және топырақ микроағзаларының биомассасын түсіну топырақ агрегаттарынан бастап континенттерге дейінгі кеңістіктік масштабтағы экожүйелердің негізгі экологиялық үдерістерін аша алады [8, 9], соның нәтижесінде бұл элементтер қатынасы экожүйелердің құрылымына, түрлердің құрамы мен әртүрлілігіне, экожүйелердің функцияларына және экожүйелік қызметтеріне, оның ішінде топырақ өнімділігіне әсер ете алады [10, 11].

Күріш алқаптарының топырақтарында кездесетін микроағзаларға бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустар, қарапайымдылар және актиномицеттер жатады. Алайда, олардың арасында бактериялар ең танымал микроағзалар болып табылады. Күріштің ризосферасында кездесетін микроағзалар бір-бірімен және күріш тамырымен бірнеше экологиялық байланысты көрсетеді. Олар кейін зиянды болуы мүмкін, мысалы бәсекелестік, жыртқыштық және элементтерді иммобилизациялау және,

керісінше пайдалы, мысалы: синтрофизм, комменсализм және сапрофитизм. Күріш алқаптарындағы микробтық белсенділіктің негізгі түрлеріне метаногенез, метанның тотығуы және элементтердің биогеохимиялық айналымы жатады. Күріш алқаптарындағы микробиологиялық белсенділікке әсер ететін кейбір факторлар - органикалық материалдардың сапасы мен мөлшері, рН, оттегінің болуы, температура, маусымдық ауытқулар, күріш сорттары, ылғалдылық жағдайы, бейорганикалық тыңайтқыштар және ингибиторлық заттардың болуы. Күріш алқаптары метан өндірушілердің жетекшілерінің бірі болып табылады, олар барлық әлемдік шығарындылардың шамамен 10 %-ын құрайды. Сонымен қатар күріш алқаптарындағы микроағзалар пайдалы ғана емес, адам денсаулығына қауіп төндіретін аскарид инфекциясы, диарея, шистосомоз, терінің тітіркенуі және сіреспе сияқты көптеген ауруларға алып келуі мүмкін [12].

Күріш дақылының тамыр жүйесі вегетациялық кезеңінде су астында болғандықтан топырақ микроағзаларының өз ерекшеліктері бар. Айта кететін тағы бір жағдай күріш алқаптарындағы топырақта топырақ аэрациясы жүрмейді. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып күріш топырағы микроағзалары туралы 1967 жылы жапон ғалымы Т. Судзуки өз мақаласында жазған. Т. Судзуки күріш егістіктеріндегі топырақтың тотығу-тотықсыздану реакциясы жоғары орналасқан егістіктердегідей жүрмейді, өйткені бірінші жағдайда топырақ суармалы су астында жатады және ауа алмасу процесі жүрмейді, ал жоғарыда орналасқан егістіктер тәлімді жер болғандықтан жауын-шашын суларынан ғана бойына ылғал жинайды. Осыған байланысты бұл екі топырақтардың микрофлоралары бір-бірінен өзгеше жағдайларда дамиды. Бұл айырмашылықты бағалау үшін

күріш егістіктерінің микрофлорасын бірдей топырақ ылғалдылығындағы жоғары орналасқан егістіктердің микрофлорасымен салыстырып, зерттеулер жүргізу үшін материалдарды егістіктерден күзде суару суы тартылған кезде алынады. Осылайша, екі алқапта бірдей ылғалдылық мөлшері қамтамасыз етіледі. Соның нәтижесінде күріш алқаптарының жыртылған бірінші қабатынан таулы егістіктерге қарағанда көп мөлшерде бактериялар мен анаэробты бактериялар және аздаған мөлшерде актиномицеттер мен саңырауқұлақтар топтары анықталған. Екінші жағынан, топырақ ылғалдылығының мөлшеріне байланысты әртүрлі микроағзалардың түрлеріне әсерін зерттеп, топырақтың ылғалдылығы төмен және құрғақ болған жағдайда актиномицеттер мен саңырауқұлақтардың басым болатынын, ал топырақтың ылғалдылығы жоғары болған сайын бактериялардың саны көбейгенін және батпақты күріш топырақтарындағы микроағзалар арасында бактериялар саны басым болатынын анықтағын [13].

Қытайдың солтүстік-шығысындағы күріш алқаптарындағы микроағзаларда нақтырақ айтса цианобактериялық подовирустар туралы қытай ғалымдары Гуанхуа Ван, Цзюньце Лю, Чжэнхуа Ю, Цзян Цзинь және Сяобин Лю ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бұл зерттеулер ДНҚ полимераза талдауы және 16S-23S рРНҚ рибосомасының ДНҚ тізбегінің ішкі транскрипцияланатын спейсер (ITS) негізінде цианоподовирустардың және олардың потенциалды пикоцианобактериялық иелерінің әртүрлілігін зерттеуге әрекет жасаған. Топырақ үлгілері 0-10 см тереңдікте және тұзды-натрийлі күріш алқабынан су үлгісі тәжірибеге алынған. Бес жерден бір уақытта шамамен 1 кг топырақ және 1 литр су үлгілері алынған. Лабораториялық зерттеу

нәтижелерінен күріш алқаптарында пикоцианобактериялардың ашылмаған көп түрлері бар екені анықталған. Бұл зерттеулерде цианофагтар мен пикоцианобактериялардың қаншалықты көп екендігін зерттемеген, оның орнына күріш алқабындағы цианоподовирустар мен пикоцианобактерияларға арналған биомаркер гендері зерттелген. Сонымен қатар бұл күріш егістігіндегі цианоподовирустардың алуан түрлілігінің өте төмен екендігін және керісінше пикоцианобактериялардың клондары бірнеше тәуелсіз топтарға таралатындығын анықтап, бұл күріш алқаптарында кездесетін пикоцианобактериялар өте әртүрлі екенін дәлелдеген. Бұл зерттеулер нәтижесінде цианоподовирустардың ДНҚ тізбегінің жаңа топтары және пикоцианобактериялардың ITS-тізбегі ашылған. Цианоподовирустар мен олардың иелері арасындағы коэволюция күріш алқаптарында болатынын және фагтардың бактериялар қауымдастығын анықтауда маңызды рөл атқаратынын дәлелдеп көрсеткен [14].

Иранның ғалымдары Х. Саадат-ния, Х. Риахи Ирандағы күріш дақылы үшін биотыңайтқыш ретінде цианобактериялардың рөлін зерттеген. Топырақ үлгілері әр жыл мезгілінің екінші айында Азбарам ауылындағы (Иранның Гиллан провинциясындағы Сяхкалдан шығысқа қарай 6 км) күріш алқабынан 0-10 см тереңдіктен алынып, топырақтың реакция ортасы (рН) және ылғалдылығы жылдың төрт мезгілінде өлшенген. Лабораториялық зерттеулер нәтижесінде цианобактериялардың жаңа төрт түрін *A. spiroides*, *A. variabilis*, *A. torulosa* и *A. Osillarioides* анықтаған. Ирандағы күріш алқабынан бөлініп алынған гетероцисталы цианобактериялармен күрішті егіп, цианобактериялардың *in vitro* жағдайында егілген күрішке оң әсер ететінін көрсетті. *In vitro* режимінен

басқа, олар күріш пен топыраққа пайдалы жолдармен топырақтың физикалық және биологиялық қасиеттерін дұрыс өзгертетінін анықтаған. Қорытындылай келе, цианобактериялар азотты түзетін микроағзалар ретінде топырақ тыңайтқышы ретінде шешуші рөл атқара алатындығын анықтап көрсеткен [15].

Күріш алқабындағы топырақ микроағзаларының ішіндегі цианобактериялардың маңыздылығын Үндістан ғалымдары Сатъя Шила Сингх, Кикку Кунуи, Робин Аниго Миндж, Прашант Сингх өздері жүргізген зерттеулер нәтижесін жариялаған. Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін цианобактерия штаммдарын Үндістанның Чхаттисгарх штатынан Мопка, Чилхати, Кони, Туркади, Гуру Гасидас Висавидьялайя кампусы, Биласпур аймағының Сиргити және Гатур аймақтары, Дург Бхилай ауданындағы Расмада мен Борси, Райгар аймағының Барамкела және Сарангарх, Мандир Хасауд және Карга Райпур аймағы деген 13 аудандарынан алған. Жиналған топырақ үлгілерінде ең жоғарғы рН көрсеткіші 8,53 (Чилхати ауылшаруашылық фермасы, Биласпур), ал ең төменгі рН 6,9 (Мандир Хасауд фермасы, Райпур) және Чхаттисгарх күріш алқаптарының қалған бөліктерінде рН 6,9-8,0 болған. Бұл зерттеулерден сілтілі реакция ортасы *Cylindrospermum michailovskoense* және *Gloeocapsa* sp. қоспағанда, барлық белгілі цианобактериялардың өсуіне қолайлы екені дәлелденген. Негізгі компоненттік талдау Чхаттисгархтағы әртүрлі күріш танаптарынан жиналған цианобактериялардың гетероцисталы және гетероцисталы емес штаммдары арасында жүргізілген. Талдау қоршаған орта факторларының әсерін, сондай-ақ филаменттің орташа ұзындығына, вегетативті жасуша өлшеміне, гетероциста өлшеміне, гетероцистикалық цианобактериялық акинета өлшеміне,

сондай-ақ жасуша еніне, жасуша ұзындығына және орташа жіп ұзындығына жинақталған физикалық-химиялық қасиеттерді бағалауға бағытталған болатын, соның нәтижесінде Чхаттисгархтың әртүрлі жерлерінде егжей-тегжейлі микроскопиялық талдауы барысында цианобактериялардың 29 штаммы табылды деген қорытынды жасаған. Әртүрлі аймақтарда цианобактериялардың әртүрлі штаммдарының болуы және болмауы топырақтардың физика-химиялық қасиеттерінің, сонымен қатар әртүрлі экологиялық факторлардың әсерінен болады деп түсіндірген. Түрлі физиологиялық сипаттамалардың үйлесімі Үндістанның Чхаттисгархтың барлық аудандарында цианобактерия штаммдарының әртүрлі комбинациялары үшін негіз болатынын экстраполяциялауға болады деп қорытынды жасаған [16].

Күріш алқаптарындағы цианобактериялардың жыл мезгіліне байланысты өзгерістері туралы айта кеткенде өте маңызды. Зерттеу жұмыстары үшін топырақ үлгілері Оңтүстік-Шығыс Қытай, Фуцзянь провинциясы, Фучжоу қаласының сыртында орналасқан Бидай және күріш ғылыми-зерттеу институтында 650 шаршы метр күріш алқабында жиналған. Бұл алқапта күріш жылына екі рет өнім береді: бірінші вегетациялық кезең сәуірден шілдеге, екіншісі шілдеден қазанға дейін өсіріледі. Күріш дақылдары арасындағы кезеңде (қараша-сәуір) алқап өңделмеген. Топыраққа күріш отырғызу алдында және егін жинаудан кейін әр вегетациялық кезеңнен кейін топырақты өңдейді. Әрбір сынама алу үшін алқаптың бес аймағы белгіленіп, пайдаланылады. Әрбір бөлікте диаметрi 5 см пластик цилиндрді пайдаланып, 5 см топырақтың үстіңгі қабаты мен 10-15 см тереңдіктен топырақ үлгісі алынады. Жиналған үлгілер зертханаға мұз үстінде

тасымалданып, -20°C температурада сақталады. Цианобактериялардың (жалпы фило типтер) топырақтың жоғарғы қабатынан алынған үлгілердің 14 түрін, ал төменгі қабатынан 18 түрін зерттейді, топырақтың төменгі қабатында цианобактериялар көбірек кездеседі. Сонымен қатар, цианобактериялардың фило типтерінің көпшілігі қыркүйекте топырақтың жоғарғы (сегіз типті) және тереңірек фракцияларында табылған. Бұл кезде егістік алқабын шамамен 10 см су басып, күріш жамылғысының әсерінен топырақ бетіндегі жарық күші төмен болады. Қараша және қаңтар айларында (егін жинаудан кейін) топырақ құрғақ және беті толық күн сәулесімен жарықтандырылған кезде, әртүрлі фило типтердің саны топырақтың жоғарғы бөлігінде үш-төрт, ал тереңірек бөлігінде алты-жеті есеге дейін азайған. Бұл өзгеріс судың қолжетімділігі, жарық қарқындылығы және температура маңыздылығы цианобактериялардың популяциясын реттейтін негізгі факторлар екенін көрсетеді. Күріш алқаптарындағы цианобактериялардың табиғи популяциясының өзгеруіне жарықтың қарқындылығы әсер ететіні бұрын белгілі болған деп тұжырым жасайды [17].

Сулы-батпақты жерлер мен суланған күріш алқаптары жыл сайын 60-100 миллион тоннаға дейін метан (CH_4) шығарады және осылайша жаһандық жылыну үрдісін жылдамдатуға үлесін қосады [18]. Метанның жылыну потенциалы 100 жылдық аралықтағы көмірқышқыл газының (CO_2) потенциалынан 28-34 есе көп, көмірқышқыл газынан кейінгі екінші антропогендік жылулық газ [19]. Күріш алқаптарынан шығатын метан шығарындылары егістіктерді су басқаннан кейін басталып, егін жинау үшін егістіктер құрғатқан кезде тоқтайды. Осы кезеңде метанның шығарындылары су басқан топырақтағы

органикалық заттардың анаэробты ыдырауынан болады [20]. Көміртегінің негізгі көздерінің бірі – әдетте егістіктерді тыңайту үшін пайдаланылатын күріш сабаны. Алдыңғы зерттеулер күріш сабанын қолдану күріш танаптарынан метан шығарындыларын айтарлықтай арттыратынын көрсетті [21-24]. Күріш сабанының негізгі компоненттері гемицеллюлоза (26-35 %), целлюлоза (38-41 %), лигнин (15 %) және суда еритін полисахаридтер (8 %) [25, 26]. Бұл биополимерлердің ыдырауы гидролиздік немесе целлюлолитикалық, ферменттеуші, гомоацетогенді және синтрофиялық бактериялардан тұратын күрделі микробтық қауымдастықты, сонымен қатар ацетат пен сутегін (H_2) пайдаланатын метаногенді археяларды қажет етеді [27].

Осы мәселеге байланысты неміс ғалымдары анаэробты жағдайда күріш сабанын ыдырататын бактериялық қауымдастықты молекулалық әдіспен зерттеген. Күріш сабанын күріш топырағында анаэробты түрде 71 күн инкубацияланған. 16s рРНҚ күшейтілген бактериалды гендердің денатурациялық градиент гель электрофорезі (DGGE) бактериалды қауымдастықтың құрамы алғашқы 15 күнде өзгергенін көрсеткен, бірақ уақыт өте келе инкубация аяқталғанға дейін тұрақты болған. Әр түрлі сигнал қарқындылығы бар он бес DGGE жолағы кесіліп, клондалған және секвенирленген. Күріш сабанындағы кездескен қауымдастықтағы әртүрлі филогенетикалық топтардың салыстырмалы саны флуоресцентті будандастыру әдісімен анықталған *in situ*. Бактериялар инкубацияланған күріш сабанынан шамамен 80-нен 90 % - ға дейін тиімділікпен бөлінген. 8 күндік инкубациядан кейін жалпы эубактериалды зондпен (Eub338) анықталған белсенді бактериялардың саны (яғни рибосомалардың жеткілікті

мөлшері) жасушалардың жалпы санының 61 % құраған. Бұл пайыз 29 күндік инкубациядан кейін 17 % - ға дейін төмендеді. 8-ші күні белсенді жасушалардың көпшілігі (55 %) *Clostridium* туысына және I (24 %), III (6 %) және XIVa (24 %) клостридиалды кластеріне жатқан. Тағы 5 % *Cytophaga-Flavobacterium* кластерінің *Cytophaga-Flavobacterium-Bacteroides* типіне жатқан. 4 % α , β және γ протеобактерияларына жатады және 1,3 % төмен көрсеткіште *Bacillus* грам-оң бактерияларына жатқан. Зерттеулер нәтижесінде күріш сабанын мекендейтін және ыдырататын бактериялық қауымдастық инкубацияның алғашқы 15 күнінде дамығанын және онда әртүрлі клостридия кластерлерінің, әсіресе I, III және XIVa кластерлерінің өкілдері басым болғанын көрсеткен [28].

Метан негізінен анаэробты жағдайда метаногендік архей секілді бактериялар әрекетінен пайда болады және метанды тотықтыратын бактериялар тек оттегі жағдайында тұтынылады немесе сульфатты анаэробтармен тотығады деп саналады. Дегенмен, метанның тотығуын нитриттің тотықсыздануымен біріктіретін метанның нитритке тәуелді анаэробты тотығуы (n-damo) деп аталатын жаңа жолдың пайда болуымен метан циклінің тұжырымдамалық құрылымы өзгерді. Нитритпен және метанмен субстрат ретінде "*Candidatus Methylomirabilis oxyfera*" арқылы метанның нитритке тәуелді анаэробты тотығуының (n-damo) ашылуы көміртегі мен азоттың биогеохимиялық циклдерін жаңа жолмен байланыстырды. Күріш алқаптарында көбінесе метан мен нитраттың көп мөлшері болады, сондықтан олар N-damo бактериялары үшін қолайлы мекен болып табылады. Бұл зерттеуде Янцзы өзенінің жанындағы Цзяньиндегі күріш топырағының *M. oxyfera* тәрізді бакте-

риялардың болуы, сонымен қатар қауымдастықтың саны мен құрамы зерттелген. ПТР зерттеу нәтижесінде топырақ пен топырақ экотонында *M. oxyfera* тәрізді бактериялардың көптігі байқалған. Экотонда *M. oxyfera* тәрізді бактериялардың жалпы санына қатынасы жазда 2,80 % және қыста 4,41 % - дық шыңына жеткен. Филогенетикалық талдау күріш топырағындағы N-damo бактериялары *M. oxyfera*-мен тығыз байланысты және топырақтың жер асты экотонында жоғары әртүрлілікке ие екенін көрсеткен. Барлық нәтижелер Цзяньинь күріш алқабындағы топырақтың жер асты суларының экотоны N-damo бактерияларының өсуіне қолайлы орта болғанын көрсеткен [29].

Қазақстанда негізгі күріш алқабы Қызылорда облысында, одан басқа аздаған бөлігі Түркістан және Алматы облысында орналасқан [30].

Оңтүстік Балқаш маңындағы ежелгі Ақдала атырауының аумағында, Тасмұрын тауларының оңтүстік беткейлерінен солтүстік батысқа қарай Бақанас ауылына дейін, Іле өзенінің оң жағалауында созылған Ақдала алқабында (ұзындығы шамамен 100 км) күріштің батпақты топырағының микрофлорасына зерттеу жұмыстары жүргізілген. Ақдала суармалы алқабы топырақтарынан басым бөлігі әртүрлі механикалық құрамды, сортаңданған және сортаңданған тақыр топырақтар, жоталы құмдардан кейін екінші орын алады. Топырақтарды салыстыру үшін бастапқы сортаңдылық пен сортаңдану белгілері жоқ солтүстіктің ашық боз топырақтарын да қосқан [31].

Әртүрлі топырақ-климаттық белдеулерде жүргізілген зерттеулер органикалық заттардың жиналуы мен ыдырауы топырақ микроағзаларының белсенділігіне тікелей байланысты екенін көрсеткен. Кононова [32] және Розанов [33] жоғары биологиялық белсенділігімен ерекшеленетін суар-

малы боз топырақтарда органикалық заттардың жиналуы, әсіресе ыдырауы қарқынды жүретінін атап көрсеткен. В.М. Боровский [34] өсімдік қалдықтарының ыдырауының топырақтың биологиялық белсенділігіне табиғи тәуелділігі суармалы (күріш топырағы) егістіктеріне де қатысты деп анықтаған.

Азот өсімдіктердің қоректенуінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Топырақта байланысқан азот негізінен органикалық қосылыстармен байланыста болады. Бірақ оны өсімдіктер минерализацияланғаннан кейін ғана пайдалана алады [31].

Органикалық азоттың минералдану үдерісінің механизмі өткен ғасырдың соңғы онжылдығында анықталды. С.Н. Виноградский [35] микроағзалардың жер бетіндегі барлық азот түрленулерінде ерекше рөл атқаратынын көрсетті. Оларға аммонификаторлар, нитрификаторлар, денитрификаторлар және азотты бекіткіш ағзалары жатады.

Аммонификация үдерісін В.С. Буткевичте зерттеді [36]. Төменгі сатыдағы өсімдік ағзаларының ақуыздық заттарды ыдыратуы кезінде аммиактың түзілуі микроағзалардың тыныс алу үрдісінің соңы емес, оның бастапқы кезеңі екенін дәлелдеді. Сонымен аммонификация - бұл бактериялар, актиномицеттер, саңырауқұлақтар және т.б. ағзалар қатысатын биологиялық үдеріс.

Күріш егістігінің топырақтарын дағы аммонификациялық микроағзалардың динамикасын және оны туындататын факторларды зерттеудің белгілі теориялық және тәжірибелік маңызы бар. Себебі азоттың аммоний формалары басым болатындығына байланысты жүзеге асады. Күріштің бұл қоректік затпен қамтамасыз етілуін топырақтағы органикалық қалдықтардың аммонизациялану үдерісінің

қарқындылығымен анықтауға болады [37].

М.А. Ибраева [31], Ақдала суармалы алқабының топырағындағы суару аммификаторлардың әртүрлі саны бар екені анықтаған. Олар келесідей төмендеу ретімен келтірілген: ашық боз топырақ > тақыр тәрізді қатты сортаң топырақ > тақыр тәрізді сортаң емес топырақ.

Топырақты судың басуы олардың сандық қатынасын айтарлықтай өзгертеді. Тәжірибенің басында барлық бақылау нұсқаларында (галофиттерсіз) аммонификаторлар саны екі есеге жуық өсті. Сонымен, галофитті өсімдіктердің ыдырау үдерісінің аммонификациялық микроағзалардың дамуына әсері, әсіресе тақыр тәрізді сортаң емес топырақ үшін жақсы әсерін тигізеді.

Галофитті өсімдіктердің ыдырауының кейінгі әсері аммонификаторлардың санын азайтпайды, ал бірінші жылы жиналған күріш дақылының тамырларының массасы аммонификация үдерісінің күшеюінің анықтаушы факторы болып табылады.

Аммонификация үдерісінің нәтижесінде бөлінетін аммиакты азотының бір бөлігі қолайлы жағдайда нитраттарға дейін тотығады. Бұл формалы азотты жоғары сатыдағы өсімдіктердің көпшілігі пайдаланады, ал күріш алқаптарының топырағында судың шайылуы және денитрификациясы арқылы шығынға әкелетін әсерге ұшырайды [31].

В.Ф. Непомилуев, Т.Н. Кузякина [38] тәжірибелері топырақты судың басуы нитрификацияның бірінші және екінші фазаларында бактериялар санын азайтатынын және бұл үдеріс тежелетінін көрсетті. Зерттеу мәліметтері бойынша, су басу кезінде топырақтағы нитраттардың мөлшері екі есеге жуық азаяды, дегенмен нитрификациялаушы бактериялардың саны тіпті аздап көбейеді. Күріш

астындағы топырақта денитрификаторлармен тығыз ассоциативті байланыста өмір сүретін нитрит бактерияларының факультативті-анаэробты экотипі дамитыны және микроағзалардың екі түрінің де белсенділігі топырақтың «тотықтырғыш» және «тотықсыздандырғыш» күріш топырағының қабаттарында жүзеге асатыны анықталған [39].

Нитрификация үдерісі күріш топырағының жоғарғы бөлігінің жұқа тотықтырғыш қабатында сәтті өтетіндігі туралы деректер кездеседі [40].

Тұзданбаған топырақтың бастапқы үлгілерінде нитрификациялаушы бактериялар табылмаған. Топырақта су басқаннан кейін ғана бұл бактериялардың аздаған мөлшері кездескені анықталған. Тұздылығы жоғары тақыр тәрізді және ашық боз топырақтарда вегетациялық кезеңде де, су ағызғаннан кейін де бұл ағзалардың мөлшері өте төмен болған. Автор нитрификациялаушы бактериялардың аз болуының себебін топырақтың жоғары сілтілілігімен және топырақ үстінде су қабатының болуына байланысты редукциялық жағдайдың күрт басталуымен түсіндіреді [31].

Денитрификацияның негізгі себептерінің бірі микроағзалардың белсенділігі болып табылады. В.Н. Шапошников [41] микроағзалар физиологиясы тұрғысынан бұл үдерісті нитраттардың немесе нитриттердің соған байланысты тотықсыздануымен органикалық заттардың тотығуына кейбір бактериялардың бейімделуінің бір түрі ретінде қарастыру керек деп есептейді.

Денитрификация жылдамдығы органикалық заттардың сандық және сапалық құрамына байланысты. Бұл үдеріс үшін топырақтың оңтайлы рН көрсеткіші 7-8 диапазонында. Бродбент пен Накашима [42] мәліметтері бойынша денитрификация үдерісі 25-30°C топырақ температурасында ең қар-

қынды жүреді. Дәл осы температура Ақдала суармалы алқабының топырақтарына тән.

Топырақта су басқан жағдайларда анаэробты үдерістер белсенділігі артады және бұл нитраттардың молекулалық азотқа дейін ыдырауына әкеліп соғады. Бұл құбылыс су басу кезінде нитратты азоты қоректік заттардың көзі ретінде емес, органикалық заттардың тотығуы үшін оттегі доноры ретінде пайдаланылуымен түсіндіріледі [37]. Доммергес [40] күріш топырағының ризосферасындағы денитрификацияның ризосфералық емес топыраққа қарағанда төрт есе қарқынды жүретінін дәлелдеген. Бұл үдеріс ыдырайтын өсімдік қалдықтарында да, электронды донор ретінде қолданылатын сульфидтер немесе сутегі бар аймақтарда да жүруі мүмкін.

Ақдала суармалы алқабы топырағының бастапқы үлгілерінде аз мөлшерде денитрификациялаушы микроағзалар кездеседі. Тұзданбаған тақыр тәрізді топырақта су басқаннан кейін денитрификаторлар саны көбейген. Бұл топырақты су басқан кезде нитратта азоттың денитрификациясы жоғары жылдамдықпен жүретініне байланысты [31].

Топырақтағы негізгі биологиялық үдерістердің бірі – азоттың биологиялық бекуі. Бұл топырақ микроағзаларының маңызды мәселелерінің бірі және оны шешудің тәжірибелік маңызы зор.

Су басқан топырақтарда азоттың бекуі әрекеті туралы көлемді ғылыми әдебиеттер бар, бұл топырақтың су басуы кезінде әр түрлі топтағы еркін азот фиксациялаушы құрамының күрт өскенін көрсетеді [43, 44]. Доммергес [39] бойынша, ризосфералық диазотрофтардан басқа, күріш алқаптарында азотты бекітуді тамақ ретінде органикалық қалдықтарды, әсіресе тамырдың ыдырау өнімдерін пайда-

ланатын көк-жасыл балдырлар, симбиотикалық емес сапрофитті азотты бекітуді бактериялар жүзеге асырады. И.К. Чистякова [45, 46] күріш егетін топырақтарда бір көміртекті қосылыстарды пайдаланатын азотты бекітетін бактериялардың кең таралғанын анықтады. Зерттеушілер алғаш рет азотты бекіту үдерісінің екі түрі бар екенін анықтады: толқынды-кезеңді (периодтармен) сипатталатын бекіту және тұрақты бекіту – біріншіден бірнеше есе әлсіз [47].

Азотты бекітетін микроағзалардың саны топырақтың тұздану мөлшері мен реакция ортасы (рН) көрсеткішімен корреляцияда болады: соңғысының жоғарылауы азотты бекітетін бос тіршілік ететін микроағзаларға кері әсер етеді [48-50].

М.А. Ибраева [31] Ақдала суармалы алқабының тұзды емес тақыр тәрізді топырағында абсолютті құрғақ топырақтың 1 г-нан 0,25 мың азотты бекітетін ағзалар табылған. Топырақты судың басуы олардың санының күрт әсерін тигізеді – өсу фазалары топырақта 1 граммында 250 мыңға дейін, ал күріштің вегетациялық кезеңінің соңына қарай – 1500 мың ағзалар кездеседі.

Т.Е. Лимардың деректері бойынша [51], күріш алқаптарының топырағындағы сульфатты төмендететін бактериялардың мөлшері басқа топы-

рақтармен салыстырғанда бірнеше рет жоғары. Бұл физиологиялық топтың көбеюіне тың топырақтардың дамуы ықпал етеді. Күріш егістіктерінің топырағы су басқан кезде сульфаттарды қалпына келтіретін бактериялар жетекші рөл атқарады [52]. Олардың тіршілік әрекетінің нәтижесінде топырақтың сілтілігі аздап жоғарылап, тотығу-тотықсыздану потенциалы күрт төмендейді.

Тақыр тәрізді топырақтарда сульфатты төмендететін микроағзалар кең таралмаған. А.Н. Ильялетдинов [53, 54] сульфаттардың тақырлардағы бактериялық тотықсыздану үдерісінің нашар жүруіне және микрофлораның аздығына байланысты екенін атап көрсеткен.

Қорытындылай келе Қазақстанда күріш дақылын өсіруде, өнімділігі мен сапасын жоғарылатуда жаңа агротехнологияларды өндіріске енгізуде жан-жақты еңбек етіп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарын өндірісте пайдалануға ауқымды ғылыми жұмыстар атқарып жүрген ғылыми зерттеу институттары: Ө.О.Оспанов атындағы “Қазақ Топырақтану және агрохимия”, “Микробиология және вирусология”, Ы.Жақаев атындағы “Қазақ Күріш шаруашылығы” және ауыл шаруашылығы тәжірибе орындарының ұжымдарымен нәтижелі көмектер көрсетілуде.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Eduardo Martins de Souza, Thainá Inês Lamb, Thais Aparecida Lamb, Alexsander dos Santos Silva, Suelen da Fré de Carvalho, Vitória Nyland, Mara Cristina Barbosa Lopes, Mara Grohs, Leticia Marconatto, Luis Gustavo dos Anjos Borges, Adriana Giongo, Camille Eichelberger Granada, Raul Antonio Sperotto. Rhizospheric Soil from Rice Paddy Presents Isolable Bacteria Able to Induce Cold Tolerance in Rice Plants// Journal of Soil Science and Plant Nutrition. - 2021. - V.21, № 3. – P.1993.

